

«Бекітемін»
№268 мектеп -лицей директоры
_____Ж.Сейтжанова



Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне арналған психологиялық қызметтің
атқарылған жұмыстары туралы
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

8-11 сынып

Педагог-психолог Ж.Бажеева

2021-2022 оқу жылы

Мектептің педагогикалық - психологиялық жұмыстары

Психологиялық қызметтің мақсаты:


Орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;
- әрбір білім алушыға жеке психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде психодиагностикалық қызмет көрсету;
- психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.




Осы айда ZOOM платформасы арқылы «Мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс бағыттары»бойынша ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп,жыл бойы 1-11 сынып оқушыларына жүргізілетін зерттеу жұмыстарына ата-аналардан рұқсат алынды.



Ерекше білімді қажет ететін оқушыға сабақ беретін мұғалімдерге және ата-аналарына психологиялық кеңес беру мақсатында мектеп педагог-психологы Ж.Бажеева ZOOM платформасы арқылы ерекше білімді қажет ететін оқушылардың ата-аналарына психологиялық кеңестер беріп, whatsapp желісі арқылы жаднамалар таратты және пән мұғалімдеріне оқушымен жұмыс жасауда бірнеше психологиялық кеңестер берді.



Біртұтас команда моделін қалыптастыру, жағымды әлеуметтік-психологиялық климат құру мақсатында мектебімізге жаңадан келген жас мамандарға «Тимбилдинг немесе $1+1=5$ » тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында жағымды атмосфера құру, ортақ іс-әрекет негізінде бірін-бірі қолдау, өзара сенім қалыптастыру. Біртұтас команда моделін қалыптастыру: топты ортақ мақсат пен міндеттерге қол жеткізуге бағыттау, топтың әрбір мүшесінің ерекшелігі мен пікірін ескере отырып бірыңғай ұжымдық ережелерді қабылдау, әр түрлі жағдайларда тиімді шешімдер қабылдай алатын дағдыларды дамыту, командадағы рөлдер мен міндеттерді өзара тиімді бөлісе алуға байланысты ойын-жаттығулар жүргізілді. Ойын арқылы түзету: шамадан тыс эмоционалдық стрессті төмендету, конструктивті қарым-қатынасқа кедергі келтіретін әрекеттерді жою, қарым-қатынасты реттеу. Тренинг соңында бірін-бірі қолдауға дайын, командалық ортақ пікір, тиімді қарым-қатынас, өзара сенім қалыптасты.



Оқушылардың өз мінезіне басшылық жасай алуын қалыптастыру. Көңіл – күйін жағымды арнаға түсіруге баулу. Көтеріңкі көңіл-күйдің айналасындағыларға әсерін түсініп, сезінуге тәрбиелеу. Психоэмоционалдық жағдайларын жақсарту, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату. Релаксация арқылы жағымсыз ойлардан арылту, мақсатында 9-сынып оқушыларымен «Менің көңіл-күйім» тақырыбында тренинг өткізілді,



Оқушыларды ҰБТ-тің ерекшеліктерімен таныстыру және маңыздылығын түсіндіру мақсатында «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» тақырыбында тренинг жүргізілді.




Өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру мақсатында «Мен және менің ортам» тақырыбында 9-сынып оқушыларына психологиялық тренинг жүргізілді.



Осы қыркүйек айында оқушылардың сынып ұжымына бейімделуіне ықпал ету. Оқушылар бір-бірімен танысу үшін өзара әрекеттесуін ұйымдастыру және жаңадан келген оқушы жаңа ортаға бейімделу үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында «Мектептегі жаңа оқушы» тақырыбында 8-сынып оқушыларына тренинг өткізілді.



Қыркүйек айының соңғы аптасында «Bilimfoundation» қоғамдық қорының психологы Ерташова Динамен бірігіп ата-аналарды «Өмір сақшылары» ретінде оқытылды.



Қазан айының басында 10-қазан Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай мазмұнды, адамгершілік құндылықтарға бағытталған «Сықырлы әлем» психологиялық апталығы 8-11 сынып оқушыларына ұйымдастырылды. Психология апталығы педагогтар мен оқушыларға айырықша көңіл – күй сыйлады. Апталық аясындағы шаралар достық, қарым-қатынас, махаббат, шыдамдылық, сыйластық, өзара қолдау, өзіне және басқаға деген тұлғалық қызығушылықты дамытуға бағытталды. Апталықтың алғашқы күн «Сықырлы қобдиша» шарасы үзіліс кезінде жүргізілді, сықырлы қорап жылы лебіз, әдемі тілекке және тәттілерге толы болды. Оқушылар мен ұстаздарға тосын сый көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



Психологиялық апталық аясында «Жылы жүрек-жақсы тілек»тренингі және «Күпия дос»ойыны оқушыларға қуаныш сыйлап,тілекке толы хаттарын жолдады.Сонымен қатар «Сенің арманың»шарасы аясында өз армандарын жазды.Бұл ойында оқушыларды достық,бірлік,көпшілдікке баулыды. «Досқа тілек»шарасы аясында 8-10 сынып оқушылары қабырғадағы плакатқа достарына деген тілегін жазды.Осылайша берік достық иелері бір-біріне жылулық,шаттық сыйлады.





«Сықырлы әлемнің» толассыз қызықтары ұстаздарымызбен whatsapp желісіндегі ұжым чатында «Із кесуші» ойынымен жалғасты. Ойын барысы: ұстаздарымыздың балалық, оқушы, студенттік шақтағы фотоларынан кім екенін табу. Әріптестеріміздің белсенділіктері мен көтеріңкі көңіл-күйлеріне қарап, шара қызықты болғанын бағамдадық. Ерекше белсенділік танытып, көзге түскен бірлестіктер «Ең үздік топ» номинациясымен марапатталды.




«Сиқырлы әлемнің» қызықтары акт залда оқушылардың танымдық қызығушылығын белсенді ету,ынтымақтастық,бірлік сезімдерін дамыту,оқушылардың эмоционалды тонусын көтеру мақсатында «Мен,сен,біз,олар»психологиялық КТА 8-сынып оқушылары арасында жалғасты.Көңілді тапқырлар алаңы –жаппай командалық ойын формасының бірі.Шара оқушылардың қиялын дамытып,бірлікке шақырды.Жеңіске ұмтылдырып,көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.Жеңімпаз командалар мен «Үздік ойыншылар» арнайы дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.



Біріккен Ұлттар Бас Ассамблеясы қыздардың құқықтарын мойындау,олардың бүкіл әлемде кездесетін ерекше қиындықтарын атап көрсету,қыздардың жалпы адами құқықтарын сақтау,оның ішінде тең білім алуды жүзеге асыруды насихаттау мақсатында 11-қазан «Халықаралық қыздар күні»деп жарияланған.Осы күнге байланысты қыз балалардың бойына қыз бейнесіне тән мінез-құлық сипатын қалыптастыру.Оқушыларды бір-бірімен,айналадағы ортамен үйлесімді қарым-қатынас жасауға дағдыландыру,мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға,өзара жағымды өарым-қатынасын арттыру,оларды адамгершілікке,шыншылдыққа,достыққа,ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында мектеп психологы ЖДО мамандарымен бірлесе отырып, «Әдемі күл,сыпайы жүр,сұлу ойлан»тақырыбында тренинг ұйымдастырды.



Қазан айында «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бойынша 8-11 сыныптар бойынша жүргізілген сауалнама қорытындысы.



Қараша айының алғашқы аптасында мектеп педагог-психологы Бажеева Жадыра мектеп мұғалімдерін, кіші қызметкерлерді «Өмір сақшылары» ретінде оқытты. Мектеп тарапынан жасөспірімдерге қандай қолдау көрсетуге болады, олармен қай бағытта жұмыстар атқарылатынына тоқталды.

Сонымен қатар тәуекел топты анықтаудағы мектеп қызметкерлерінің әрекетіне тоқталды: «Егер сіз баланың көңіл-күйі жоқ, бойында ешқандай қызығушылықтың нышаны байқалмаса, сабақ үлгірімі төмендеп, көзінен үмітсіздік байқасаңыз дереу әрекетке көшіңіз. Оған маман тарапынан көмек көрсетілем дегенше оған қамқор болыңыз. Әңгімелесуге, оның мәселесін шешуге болатынына, тіпті арнайы мамандардың қызметтерін білетініңізді айтыңыз. Дұрыс сұрақтар қоя біліңіз. Өмір сүрудің керемет жақтарын айтып, оның өмірге деген оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал жасаңыз. Сонымен қатар егер мұғалім тәуекел топтағы оқушыны анықтасаңыз, оған көмек көрсетуден бас тартпаңыз. Сіз оның өмірін сақтап қалуыңыз әбден мүмкін» екеніне баса назар аударды. Дәріс барысында мұғалімдерге психикалық денсаулық туралы мағлұматтар айтып, бағдарламаның маңыздылығы мен өзектілігін түсіндірді. Мұғалімдерден былтырғы оқытылған дәріс бойынша сұрақтар қойылып, ортаға талқыланды. Мектеп мұғалімі «егер де мен баланың көңіл-күйінің жоқтығын байқасам, әрі қарай қандай әрекеттер жасаймын? Ол маған ашылып ешнәрсе айтпаса қандай әрекет жасаймын?» деген сауал қойды. Мұғалімдер дәріс барысында үйренген тәжірибелерімен бөлісе отырып, мәселені шешуге ұмтылды. Дәріс соңында мұғалімдер мен қызметкерлерге сенім телефондары беріліп, оларға дәрістің қысқаша мазмұны берілген ұнпарақтар таратылды.

Сонымен қатар оңы мен солын танып үлгермеген балалар мен жасөспірімдер үшін ата-аналардың қадағалауынсыз интернет,әлеуметтік желілерді қолданудың өзіндік қауіптілігі бар.Солардың бірі –кибербуллинг.Кибербуллинг –адамды интернетте,әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып,зорлық көрсету.Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін.Кибербуллингтен сақтану,психологиялық көмек беру мақсатында 8-11 сынып оқушыларына


«Кибербуллинг немесе телефонға тәуелділік» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Жүйке жүйесіне түсетін күшті жеңудің қарапайым психологиялық әдістерін үйрету мақсатында 10-сынып оқушыларына «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді.




Күзгі демалыс уақытында ғаламторға тәуелділіктің, жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында zoom платформасы арқылы «Мен және интернет» және «Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Сенім телефоны» жөнінде оқушылар мен ата-аналарға түсіндірме жқмыстары және кеңестер берілді.




Қараша айының алғашқы 10-11 сынып оқушыларына Э.Бек депрессия шкаласы жүргізілді. Диагностиканың қорытындысы бойынша оқушылар сұхбатқа шақырылып, психологиялық кеңестер берілді.


10 «А» сынып оқушыларына жүргізілген Э.Бек депрессия шкаласы қорытындысы.



11 «А» сынып оқушыларына жүргізілген Э.Бек депрессия шкаласы қорытындысы.



Оқушылардың агрессивті сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету, рефлексивті механизмді белсендіру мақсатында 11-сынып оқушыларымен «Ашу –ызамен не істеу керек?» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді.



Қараша айының 12-сі күні құқықбұзушылықтың, топтық төбелестердің, қылмыстардың, жыныстық қол сұғушылық қылмыстардың, нашақорлықтың, буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында «Бала тәрбиесі – басты назарда» жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Осы ата-аналар жиналысында мектеп педагог-психологы Ж.Бажеева ата-аналарға жасөспіріммен нәтижелі байланысты қалай орнатуға болатындығы жөнінде кеңестер берді. Интернетке тәуелділік, буллинг, кибербуллинг мәселелеріне кеңінен тоқталып, қоғамдағы жасөспірімдер арасындағы белең алып отырған өз-өзіне қол сұғу мәселелері, жасөспірімдік дағдарыс жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, бейнероликтер көрсетті.



«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына дәріс сабағы өткізілді.

1. Психикалық денсаулық деген не?
2. Өзіне-өзі көмек ету бойынша кеңестер
3. Стресс және дағдарыс
4. Депрессия және суицид туралы ойлар
5. Досың қиындыққа тап болса, қалай көмектесуге болады ?
6. Кімнен кеңес және көмек сұрауға болады ?

Осы аталған сұрақтарға қандай көмектер көрсетуге болатындығы жөнінде айтып өтті. Мектеп психологы дене, ақыл-ой және әлеуметтік орта арасындағы өзара әрекеттестікті сипаттап берді. Ол оқушыларға адамдардың

эмоционалдық және физикалық жағдайы тек қана оның әлеуметтік ортасына ғана байланысты болмай, адамның осы ортамен әрекеттестік етуіне де байланысты болуына ерекше көңіл аударды. Жасөспірімдердің өз сезімдерін билеу дағдыларын дамыта отырып және өмірлік жоспарын таңдау мүмкіншіліктерінен хабардарлығын арттыра отырып, өз-өзіне көмектесу керектігі айтылды. Жасөспірімдердің өздерін жақсы сезініп, кез-келген ауыр жағдайлар мен қиыншылықтарды жеңіп шыға алатындарына сенім білдірілді. Дәріс басталарда психолог бірінші дәрістің мазмұнын қайта еске салып, осыған дейін қарастырылған тақырыптарға қатысты сұрақ-жауап арқылы диалогтық қарым-қатынас орнатты. Сыныпта жайлы және ақ пейілді орта орнауы тиіс. Психолог дәрісті стандартты слайд-презентациясына (PowerPoint, №№ 20-38 слайдтар) сай жүргізіп, жасөспірімдермен бірге олардың жасында стресс пен қиыншылықтарға апара алатын жағдайлар туралы баяндап, осы жағдайлар адам денесі қалай әрекет ететіні туралы айтып берді. Психолог қайғы мен депрессия арасындағы айырмашылықтары бойынша талқылау жүргізіп, кейде депрессия барысында суицид туралы ойлар пайда болуы мүмкін екені туралы айтып, адамдар депрессияны қалай жеңіп шыға алатыны туралы мәлімет берді. Адамдар өлім немесе өзіне-өзі қол салуы туралы ойлай бастаса, олар шұғыл арада арнайы маман көмегіне жүгінуіне керек екеніне ерекше көңіл аударды. талқыланды. Талқылау барысында психолог оқушыларға өз достары көмекке мұқтаж екенін ауызша және басқа жолдармен айтылған белгілерге назар аудара отырып, байқап-білу үшін кеңестер берілді. Достарға көмектесу оның мәселелері мен қиыншылықтарын шешуде емес және қалай әрекет ету бойынша кеңес беруде емес, оны тыңдап, қолдау көрсетуде екендігіне айрықша көңіл аударды. Егер досыңыз қиын жағдайда қалса, үнсіз қалу ешбір түрде көмек бола алмайды. Кейбір кездерде қиын жағдайға ұшыраған досқа көмектесе алу үшін оның мәселелері туралы ересектерге айтып беру қажет болады. Соңында психолог бағдарлама барысында қарастырылған қиын жағдайлардың кейбірінен шыға алу үшін арнайы мамандардың байланыс мәліметтерін берді. Көмек алу мүмкін екеніне баса назар аударылып, дәріс көтеріңкі көңіл-күймен аяқталды.



Оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бірін-бірі сыйлауға, адал дос болуға үйрету, достық туралы ұғымын кеңейту және нақтылауға коммуникативті өрісті дамыту мақсатында 7-сынып қыз балаларымен «Достық қымбат өмірде» тренингі өткізілді. Оқушылар тренингке белсене қатысып, достары, достық туралы өз ойларымен бөлісіп, достарына жылы тілектерін білдірді.




Танымдық процесс туралы білімді қалыптастыру, есте сақтау, ойлау, қиялды дамыту. Қысымды түсіру, топта жағымды эмоциялық хал-ахуал жасау. Көркемдік-бейнелі ойлауды, зейінді, өзін-өзі бақылауды дамыту. Қиялды, кеңістікте бағдарлануды, ересек қимылын қайталау, іскерлікті дамыту. Өзіндік бақылауды, есту зейінін дамыту мақсатында 1-сынып оқушыларымен «Тыныштық»тренингі өткізіліп, жеке жұмыстар жүргізілді.




Сонымен қатар желтоқсан айында 7-сынып оқушыларының темперамент типтері анықталды.

7 «Ә» сынып оқушыларының «Темперамент типін анықтау» тестінің қорытындысы



7 «В» сынып оқушыларының «Темперамент типін анықтау» тестінің қорытындысы



Отбасындағы тәрбие -өте маңызды рөл атқаратындығын көрсете білу, мектеп пен ата-ана байланысын ынтымақтастыру, өзара серіктестік орнату, ата-ананың, баланың оқу-тәрбиеге қатысты жауапкершілігін арттыру


мақсатында «Менің отбасым-сыйластық орнаған ортам» тақырыбында 6-сынып ата-аналарымен психологиялық тренинг жүргізілді.



Желтоқсан айының 23- күні 4 сынып оқушыларына «Танымдық қабілеттерін дамытуға» арналған жаттығулар жүргізілді. Жаттығумыздың мақсаты: Оқушылардың есте сақтауын, логикалық ойлауын, қабылдауын, сөздік қорын және қайта жасау қиялының дамытуына ықпал ету. Жаттығу барысында «Төрт құбылыс», «10 сөз» әдісі, «Төрт құбылыс», «Мағыналы сөздерді табу», «Көңілді туристер», «Жасырылған сөзер», «Уақытты анықта», «Қайталанбайтын сурет» жаттығулары жүргізілді. Нәтижесінде оқушылар өз ойларын айта отырып, алған әсерлерімен бөлісті.



Жаңа жыл жаңа өмір мен бақыттың басталар шағы. Бұл мерекені әсіресе балалардың ерекше күтетіні анық. Бала, мектеп, ата-ана арасындағы үштік одақ арқылы қарым-қатынас мектеп психологтары үшін үлкен байланысқа айналғандай. Осы мақсатта ерекеше баларымызды қуанттық. Аяз ата мен ақша қарды көріп, ертегілер еліне сапар шеккендей болған оқушылар ерекше қуанышта болды. Сонымен қатар, балалар арнайы дайындалған сыйлықтарға ие болып, қуанышты күйге бөленді.





Қаңтар айында жүргізілген жұмыстар

Педагогтағы агрессияны анықтау мақсатында мектеп-лицей мұғалімдерінен А.Ассингердің «Агрессивтілік деңгейін анықтау» тесті алынды. Зерттеу қорытындысы бойынша мұғалімдердің эмоционалды және көңіл-күйлерін көтеруге, кәсіби жанудың алдын алу, өздеріне құрметпен қарау, топтасып жұмыс істеу жүйесін дамыту мақсатында «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.



3-4сынып оқушыларына бір-біріне сенімді және мейірімді қарым-қатынас, көңіл-күйлерін жақсарту, көтеру мақсатында қалыптастыру мақсатында «Достық», «Бала жүрегім» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.



Эмоциялы өрісін дамыту, қатысушылардың сезімдерін айта алуы және анықтауға дағдылануды үйрету, топтың ынтымақтастығын көтеру мақсатында «Ойлар.Сезімдер.Мінез-құлық» тақырыбында 8-сынып оқушылары және ата-аналарына тренинг жүргізілді.



«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдылары және суицидтің алдын алу » бойынша анықталған «Психологиялық қолдау» тобындағы оқушылармен «Көбелектер әлемі» релаксациялық жаттығуы, «Эмоциялық қысымды түсіру», «Мен және менің ортам», «Дос болайық бәріміз» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Оқушылар тренингке белсене қатысып, өз көңіл-күйлерімен бөлісті.



«Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп инспекторы, мектеп аяжаны, емхана психологтарымен кездесу өткізілді.



9-11 сынып оқушыларының интеллектуалды қабілет деңгейін анықтау мақсатында Г.Резапкина тесті алынды. Бес бағана бойынша әрқайсысындағы «+» санын қосып алынған санды жауап парағының төменгі бос торкөзіне жазу керек. Әр бағана ойлаудың белгілі бір типіне сәйкес келеді. Әр бағана бойынша ұпайлар саны осы ойлау типінің даму деңгейін көрсетеді (0-2 төменгі, 3-5 орташа, 6-8 жоғары). Тест қорытындысы бойынша сынып жеткшісі және бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологтарына ұсыныс берілді.

№	Барлығы	Заттық – әрекеттік ойлау	Абстрактілі – символикалық ойлау	Сөздік – логикалық ойлау	Көрнекі-бейнелік ойлау	Креативтілік
1	100	28	8	22	13	29

Ұсыныс:

1. Сынып жетекші оқушылардың көңіл-күйін бақылауда ұстау;
2. Мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесе отырып, мамандық таңдауда кәсіби бағыт бағдар беру мақсатында кеңес беру;

3.Мектеп психологтары мамандық таңдауда кәсіби бағыт бағдар беру мақсатында түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

Ақпан айындағы жүргізілген жұмыстар

«Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу » тақырыбында мектеп оқушыларына және қызметкерлеріне кездесу болып өтті. Кездесуге Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығының теологы Кеңесбеков Қожахмет Дінмұхаммедұлы қатысты.



Ақпан айының алғашқы аптасында 1-4сынып оқушылардың таным процестерін (қабылдау,ойлау,зейін,ес) зерттеу мақсатында тест алынды. Зерттеу қорытындысы бойынша 1-4 сынып оқушыларына «Таным процестерін дамытуға арналған ойын-жаттығулар» психокоррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.



9-11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру барысында оқушылардан «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында сауалнама алынып, «Мамандық-өмір таңдауы» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді



Наурыз айындағы жүргізілген жұмыстар

Наурыз айының алғашқы аптасында 7-11 сынып оқушыларынан оқушы бойындағы депрессия, үрей, стресті анықтау мақсатында «Dass» шкаласы алынды. Зерттеу нәтижесінде анықталған оқушылармен сұхбат жүргізіліп, психологиялық

кеңес берілді. Арнайы оқытылған ВОП, психиатр мамандарға жолданып, қаралды. 7-сынып оқушыларымен психокоррекциялық түзету-дамту жұмыстары жүргізілді.



7-сынып оқушыларымен көктемгі демалысқа кетер алдындағы көңіл-күйін анықтау мақсатында «Жүрек жылуы» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.



Мектеп бітіруші түлектермен мамандық таңдау кезінде оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу, адам өмірінде мамандықтың алатын орны, маңызы туралы түсінік қалыптастыру және күйзеліске қарсы тұра алуға қалыптастыру және стресс жағдайынан арылудың негізгі әдістемелерімен таныстыру мақсатында «Мың мамандық бәрі бар, таңдап, талғап бірін ал» тақырыбында кездесу болып өтті.



Сәуір айындағы жүргізілген жұмыстар

Сәуір айының алғашқы аптасында өз-өзіне сенімділікті жоғарылату мен өз күшіне сенуді үйрету мақсатында мектеп 10-сынып оқушыларымен «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында тренинг жүргізілді.



Осы сәуір айында ата-аналарға балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыра білуге және жасөспірімдік кезеңде мінез-құлқындағы өзгерістерге байланысты психологиялық кеңестер берілді. Ата-аналардың чаттарына және әлеуметтік желіге салынды.

Психологиялық қолдау тобына алынған оқушыларға жеке жоспар құрылып, күнделікті бақылау журналы арналып, оқушылардың күнделікті көңіл-күйі, отбасымен қарым-қатынасын бақылау мақсатында ата-аналарымен, оқушылармен бақылау жұмыстары жүргізілді.






11-сынып оқушыларымен «Мен емтиханға сенімділікпен барамын» тренингі жүргізілді.



Мамыр айындағы жүргізілген жұмыстар

Мамыр айының алғашқы аптасында «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бойынша «Психологиялық қолдау тобындағы» оқушылардың көңіл-күйі, отбасымен қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Менің таңдауым өмір», «Жан дүниемдегі сырымды таба біл» т.б тақырыбында психологиялық видеороликтер көрсетілді.



9-11 сынып оқушыларымен кәсіби бағыт бағдар беру мақсатында «Жастар денсаулық орталығы» мамандарымен «Жарқын болашақ иесі - Жастар» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушылардың танымдық көзқарастарын кеңейте отырып, патриотты ұрпақ болуға бағыт бағдар берді. Барлық игі істер жастардың қолында екенін сұхбат барысында тілге тиек етті.



Мектеп бітіруші түлектерді психологиялық қолдау, бақылау және өзін-өзі қадағалау сәттеріндегі дағдыларды, қарым-қатынастың вербалды және вербалсыз құралдарын дамыту мақсатында «Мен емтиханға сеніммен барамын!» тақырыбында тренинг жүргізілді. Оқушылар өздеріне керекті мәлімет алғандығын және тренингтен алған әсерлерімен бөлісті.



№268 мектеп-лицейінің 2021-2022оқу жылындағы «Жасөспірімнің денсаулығы мен өмірлік дағдылары және суицидтің алдын алу» бойынша «Психологиялық сүйемелдеу» тобындағы оқушылар туралы мәлімет

№	Мектеп	Сыныбы	Тәуекел топ саны	Оның ішінде			Тағайындалған ем	Дәрі-дәрмек алғандар саны
				ВОП-қа барғаны	Психиатрға барғаны	Қарсы болған ата-ана саны		
1	№268 мектеп-лицей	9	1	1	1	0	-	-
2	№268 мектеп-лицей	7-11	-	-	-	-	-	-

2021-2022 оқу жылындағы кеңес беру жұмысының есебі

